

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

сөздіктердегі түзілісін зерделей қарағанда ондағы көнерген сөздердің тіларалық берілу жайы да жаһандану қарқыны дамыған қазіргі кезеңде аса маңызды болмақ.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Авакова Р.А. Фразосемантика. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 246 б.
2. Bell R. Translation and Translating. Theory and Practice, London/New York: Longman, coll. Applied Linguistic and Language Study, 1991. – 298 p.
3. Виноградов, В. В. Современный русский язык. Грамматическое учение о слове. Вып. 1 / В. В. Виноградов. – М.: Гос. уч. пед. изд-во Наркомпроса РСФСР, 1938. – 155 с.
4. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. – 712 б.
5. Вакк Ф. О соматической фразеологии в современном эстонском литературном языке: Автореф. дисс. канд. филол. наук. Таллин, 1964. – 22 с.
6. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы: Санат, 1994. – 190 б.
7. Базылхан Б. Моңғол-қазақ тілдерінің салыстырмалы тарихи грамматикасы (қысқаша курс). – Өлгей, 1974. – 392 б.
8. Баскаков Н.А. Диалект черневых татар.: Грамматический очерк и словарь. – М.: Наука, 1966. – 173 с.
9. Нұрмағамбетов Ә. Бес жүз бес сөз. – Алматы: Рауан, 1994. – 304 б.
10. Ахметова С. Қазақша-ағылшынша-орысша фразеологиялық сөздік. - Алматы: Мектеп, 2021. – 695 б.
11. Cambridge Dictionary [Электрондық ресурс]. - Кіру режимі: <https://dictionary.cambridge.org/dictionary/english/eyes-are-bigger-than-belly-stomach>
12. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі / ред.колл: А. Ысқақов, Р. Сыздықова, Ш. Сарыбаев; Қазақ ССР Ғылым академиясы, Тіл білімі институты. - Алматы: Ғылым, 1966. - 240 б.
13. Oxford English Dictionary [Электрондық ресурс]. - Кіру режимі: <https://www.oed.com/search/dictionary/?scope=Entries&q=twiddle+one%27s+thumbs>
14. Collins Dictionary [Электрондық ресурс]. - Кіру режимі: <https://www.collinsdictionary.com/dictionary/english/on-ones-own>

ӘОЖ 347.78.034

КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ МЕТАФОРАЛЫҚ ТЕҢЕУЛЕРДІҢ БЕРІЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (Ж. РОУЛИНГТІҢ «ХЭРРИ ПОТТЕР МЕН ПӘЛСАПА ТАС» ШЫҒАРМАСЫ НЕГІЗІНДЕ)

Бейбітова Айдана Сымбатқызы

aidanabeibitovaa@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті, Аударма теориясы мен практикасы
кафедрасының 3 курс докторанты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Қоңыратбаева Ж.

Тіл білімінде теңеу құрылымдары ерекше орын алады, себебі А.А. Потебня «таным процесінің өзі – теңеу процесі» деген тұжырым ұсынған [1, 4 б.].

Көркем әдеби стильде теңеу құрылымын бейнелеуге қол жеткізудің кеңінен қолданылатын құралдарының бірі деуге негіз бар. Теңеу – бейнелі сөйлеудің ең қарапайым түрі. Басқа троптармен салыстырғанда, теңеуде салыстырылып отырған нысандардың екеуі де (құбылыстарды, қасиеттерді, әрекеттерді) аталады [2, 11 б.].

Түрлі тілдегі стильдік жүйелердің ұлттық ерекшеліктерінің әртүрлі болуына байланысты аудармашылар шығарманың бейнелігін арттыратын стильдік құралдарды аудару кезінде жиі қиындықтарға тап болады. Тіл мамандарының көпшілігі аудармада түпнұсқа мәтінінің бейнесін сақтау қажеттілігіне назар аударады, аудармашы, ең алдымен, тәсілдің өзін емес, оның қызметін жаңғыртуға ұмтылуы дұрыс деп санайды.

Теңеу сөздерді семантика-стилистикалық жағынан да бөлу – тіл білімінде бұрыннан бар дәстүр. Теңеулерді осылай бөлуде ғалымдар әр қилы пікірлер айтады, содан барып кей жағдайда терминологиялық жағынан бұл мәселеде бірізділікті ұстана бермейтіні байқалады. Семантика-стилистикалық белгілері арқылы теңеулерді әртүрлі топқа бөле қарастыру олардың бейнелі сөз ретінде тілдің басқа да осындай көркемдік құралдарымен, лексикалық бірліктерімен байланысу мүмкіндіктерінің мол екендігін байқатады, сондай-ақ теңеулердің семантика тудыру ерекшелігін, стилистикалық қызметін аша түсетіні сөзсіз.

Ғалым Т. Қоңыров тұрақты теңеулерді семантика-стилистикалық сипатына қарай:

- метафоралық теңеу
- эпитеттік теңеу
- метонимиялық теңеу
- синекдохалық теңеу
- гиперболалық теңеу
- литоталық теңеу
- градациялық теңеу
- синонимдік теңеу
- антонимдік теңеу деп жіктеген [3, 438 б.].

Теңеудің бүкіл троптарға негіз болатыны, яғни барлық троптардың өз бастауын теңеуден алатыны белгілі. Демек, теңеу троп атаулының бәрімен де байланысып жатады. Бір топ теңеулер метафоралық қызмет атқарса, енді бір топ теңеулер синекдохалық қызметте жұмсалып, тағы бір тобы гиперболалық теңеулер ретінде көрінеді. «Метафоралық теңеулерде белгінің ауыс мағынада қолданылуы нәтижесінде жалпы теңеулік мағына өткірленіп, теңеулік образ айқындалып, теңеулік көркемдік ажарланып, құлпырып кетеді. Метафоралық теңеулер тілдегі көптеген бейнелі фразеологиялық тіркестердің пайда болуын негіз ұйытқы болған тәрізді. «... метафоралық теңеуді дүниеге келтіретін нәрсе – ауыс мағынада қолданылатын белгі. Мұндай теңеулерде белгілердің өздері-ақ метафоралық мағынада кеңінен қолданыла береді» [3, 439 б.].

Метафора мен теңеу де салыстыруға, ұқсатуға негізделіп жасалады және екеуінің де танымдық мәні зор. Метафора – қысқарған теңеу, яғни онда теңеуге тән қасиет – белгі көрсетілмейді. Т. Қоңыров теңеулерді метафоралық теңеуге айналдыратын басты белгі – онда теңеу белгісінің көрсетілуі және оның тек қана ауыспалы мағынада қолданылуы деп өз пікірін білдіреді [3, 120 б.].

Поэзиялық шығармаларда ақындардың ассоциативті ойлау мүмкіндігіне байланысты қолданатын метафоралық теңеулер сан алуан болып келеді. Мәселен, Ж. Роулиннің «Хэрри Поттер мен пәлсапа тас» романының қазақ тілді аудармасында келесідей метафоралық теңеуді кездестіреміз:

«Хэгридтің кеудесі селкілдеп, профессор Макгонагал ашып кеткен көзін қыса берді, ал Дамблдордың әдетте **оттай жанып тұратын көзінің** алауы сөніп қалғандай екен» [4, 25 б.].

Теңеулердің мағыналары екі түрлі мағынада жұмсалатындығы белгілі, бірі – тура мағынада, екіншісі – ауыспалы мағынада. Аталған мысалдағы *көзінің оттай жанып тұруы* метафоралық теңеу болып табылады, себебі келтірілгенді мағынада қолданылған. Ал ағылшын тіліндегі түпнұсқада:

«Hagrid's shoulders shook, Professor McGonagall blinked furiously, and the **twinkling light** that usually **shone from** Dumbledore's eyes seemed **to have gone out**» [5, 10-11 б.]. түпнұсқадағы теңеуді

сөзбе-сөз аударатын болсақ: «Дамблдордың көзінен шыққан сәуле сөніп қалған». Романды қазақ тіліне тәржімалаған аудармашылар Н. Берікқажы, Д. Мәзен және С. Мұхамедияр «сәуле, жарық» сөзінің орнына –*тай* жұрнағы арқылы жасалған «оттай» теңеуін қолданып жеткізген.

Көркем шығарманы бір таңба жүйесінен екінші таңба жүйесіне аудару кезінде аудармашы бетпе-бет келетін негізгі, қиын мәселелердің бірі – тілдің бейнелік бірліктерін жүзеге асыру арқылы бастапқы мәтіннің прагматикасын беру. Соңғы кездері аударма ғылымы сөздердің тұрақты тіркестерін, сөздік көркемдік бейнелеу құралдары – фразеологиялық бірліктерді барабар аудару арқылы прагматиканы, ұлттық-мәдени ерекшелікті, бастапқы мәтіннің экспрессивтілігін сақтау мәселелерін қарастыратын бірқатар еңбектермен байыды, метафоралар, теңеулер, эпитеттер.

Көркем мәтіндерге тән ерекше белгі – эпитеттердің, кейіптеулердің, метафоралардың, теңеулердің белсенді түрде қолданылуы. Олардың мәтіндегі құндылығы объектіде негізгі белгіден басқа бірқатар қосымша белгілерді ашуға көмектесуінде және бұл көркемдік әсерді байыта түсуінде. Бейнелеу құралдары жазушының тілі мен стиліне ерекше реңк береді. Шығарма авторы тілдің бейнелі және экспрессивтік құралдары арқылы оқырманның сезімі мен қиялына әсер етуге ұмтылады. Бұл оларды аударма көркем мәтінде барынша сақтау қажеттілігін анықтайды.

Көркем мәтінді аударуда прагматикалық аспектіні жүзеге асыру мәселесі жан-жақты болғандықтан, бұл жұмыста тек бейнелі вербальды бірліктерді – теңеулердің аудармасын берумен шектелеміз. Ағылшын тілінен қазақ тіліне аударылған шығарманың материалдарына сүйене отырып, теңеу құрылымдарын аударма тіліне берудің негізгі жолдарын қарастырамыз.

Көркем шығармада теңеу құрылымдарын қолдану мәтіннің коннотативтік компонентінің құрамдас бөлігі болып табылады. Теңеу әдісі арқылы «құбылысты немесе ұғымды (салыстыру объектісін) басқа құбылыспен немесе ұғыммен (салыстыру құралы) көркемдік тұрғыдан ерекше маңызды болып табылатын салыстыру объектісінің қандай да бір белгісін ерекшелеу мақсатында» [6, 142 б.], автор өз стилін, даралығын көрсетеді. Теңеулерді беру кезінде қабылданған аударма шешімдерінің заңдылықтары туралы мәселе әмбебап емес. Әр аудармашы аудармадағы қиындықтарды жеңу үшін өз стратегиясы мен әдістерін табуға тырысады.

Салыстырмалы сөз тіркестерін аударғанда аудармашының алдында бірқатар міндеттер тұрады: түпнұсқаның денотациясын, прагматикалық сипатын, сөз тіркесінің ұлттық ерекшелігін сенімді жеткізу. Салыстырмалы тіркестерді беруде мұндай үштікті сақтау қажетті стильдік сәйкестік пен түпнұсқаға ұқсас әсерге қол жеткізуді білдіреді.

Аудармашылардың бейнелі сөз тіркестерін аудару барысында қолданатын аударма түрлендірулерінің негізгі түрлерін қарастырамыз.

1. Толық эквивалентті табу (ТТ (түпнұсқа тілі) бейнесі АТ (аударма тілі) бейнесімен сәйкес келеді).

Көп жағдайда теңеулерді немесе салыстырмалы тіркестерді жеткізу кезінде аудармашылар прагматикалық тұрғыдан адекватты жеткізуге жүгінеді – олар түпнұсқаға денотативті мазмұны, эмоционалды-бағалаушы компоненті бойынша сәйкес келетін бейнені сақтайды.

Түпнұсқа мәтіні

Аударма мәтіні

The Dursleys often spoke about Harry like this, as though he wasn't there — or rather, as though he was something very nasty that couldn't understand them, **like a slug** [5, 14 б.]

Дурслилер әрдайым Хэрри туралы ол мұнда жоқ сияқты немесе **ұлу сықылды** сөз ұқпайтын жиіркенішті мақұлыққа айналып кеткендей сөйлей беретін [4, 31 б.].

Жоғарыда келтірілген мысалда аудармашы салыстырылған бейнені барабар ауыстыру арқылы бейнелілікті сақтауға ұмтылған.

Авторлық стиль өзгеріске ұшырамаған, сөйлемдердің мәнерлілігі сақталған. Түпнұсқадағы салыстырулар симуляциялық және септік жағдайда зат есімдер арқылы берілген.

Мысалда келтірілген *like a slug* теңеуіндегі *slug* сөзінің анықтамасы CollinsDictionary сөздігінде: «A slug is a small slow-moving creature with a long soft body and no legs, like a snail without a shell (Шырышты ұлу – қабығы жоқ ұлу тәрізді, денесі ұзын, жұмсақ, аяғы жоқ, баяу қозғалатын кішкентай тіршілік иесі)» [7] деп берілген. Бұл теңеулік құрылым түпнұсқада жағымсыз мағынада қолданылғанымен, аударма тілінде мәнмәтіндерден атауды сипаттауға қолданылмайтынын атап өткіміз келеді. Б.Қалиев, Ж.Түймебаев, Ш. Құрманбайұлы, С. Исакованың «Мұқағали тілі» сөздігінде «Ұлу - жотасында бақалшық сауыты бар, жұмсақ денелі, омыртқасыз, кішкене жәндік»: Адам-жылан тұмсығын созды шанда керіліп,

Қос құлағы шұнайып, эзер-эзер көрініп,

Құлағындай ұлудың батып кетті көміліп [8,121 б.].

Түпнұсқа мәтіні

Аударма мәтіні

Aunt Petunia looked **as** though she'd
just **swallowed a lemon** [5, 15 б.]

Петуния апай **лимон жұтқандай**
тыжырынды [4, 31 б.].

Екінші мысалда «лимон жұтқандай» теңеуі Т. Қоңыровтың «Тұрақты теңеулер сөздігінде» нақты берілмеген, алайда «у жұтқандай» деген ұқсас теңеу кездеседі [3, 480 б.]. «Лимон жұтқандай» теңеулік құрылымының орнына қазақ тіліндегі мағыналас қалыпталған «у жұтқандай» теңеулік құрылымын қолдануды орынды деп санаймыз.

Түпнұсқа мәтіні

Аударма мәтіні

Piers was a scrawny boy with a face
like a rat [5, 15 б.]

Бұл беті **егеуқұйрыққа ұқсайтын**,
шидиген бала еді [4, 32 б.].

«Piers was a scrawny boy with a face **like a rat**» сөйлеміндегі егеуқұйрық сияқты теңеулік құрылым тура мағынасында бет-әлпетті егеуқұйрыққа ұқсатып, сипаттау мақсатында қолданылған. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» бұл теңеу мәнмәтінде ауыспалы мағынада кездеседі [9]: Түркістан төңірегіндегі қазақ атаулы шаһарды қорғаймыз деп жатқанда, Бәсентин жігіттері кемеден қашқан егеуқұйрықтар елге кетіп қалудың ретін таба алмады (І.Есенберлин, Жанталас).

2. Теңеу негізінде бейнені ауыстыру әдісі.

Пайдаланылған теңеу бейнелері түпнұсқа тілінде берілген халықтың ұлттық-мәдени ерекшелігін көрсетеді. Түпнұсқа кескінді аналогымен ауыстыру көбінесе аударма тіліндегі оның сөздік сәйкестігінің болмауымен, аударма мәтінді қабылдаушы мәдениетке жақындату ниетімен байланысты. Ол үшін аудармашы қабылдаушы дұрыс қабылдайтын ұқсас ұғымды көрсететін функционалды сәйкестікті табады.

Метафоралық теңеулерді негізгі аударма стратегиялары арқылы қазақ тіліне беру жолдары салыстырмалы түрде қарастырылды. Салыстыру негізінде жасалған бейнелерді берудің негізгі тәсілі – калька – сөзбе-сөз аударма. Ерекше жағдайларда аудармашы салыстырылатын бейнелерді ауыстыруға, түсіріп тастауға немесе олар берген мағынаны аударма тілі арқылы сипаттауға жүгінген.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Потебня, А. А. Мысль и язык. Избранные работы / А. А. Потебня. — Москва : Издательство Юрайт, 2019. — 238 с.
2. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш: зерттеу мен өлеңдер /... — Алматы : Атамұра, 2003. - 208 б.
3. Қоңыров Т. Тұрақты теңеулер сөздігі. — Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. - 480 б.
4. Роулиң Ж.К. — Хэрри Поттер мен пәлсапа тас. — Алматы, Steppe□World, 2021. — 324 б.
5. Rowling, J. K. Harry Potter and the Philosopher's Stone / J. K. Rowling. — L. : Bloomsbury, 1997. — 196 p.
6. Алдашева А.М. «Ағылшын тіліндегі мәтіндерді қазақ тіліне аударудың кейбір трансформациялық модельдері» — 2009.
7. Collins English Dictionary. (2023). In Collins Dictionaries. <https://www.collinsdictionary.com/dictionary/english/slug>
8. Қалиев. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 2014. - 728 б.
9. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 5-том. — Алматы, 2011. -752 б.

УДК 81 25

THE ROLE OF AUDIOVISUAL TRANSLATION IN THE MODERN FILM INDUSTRY

Yerezhpova Kamilla

kamilla.blv@gmail.com

PhD Student of ENU named after L.N.Gumilyov, Astana, Kazakhstan

Academic adviser – Kuldeyeva Gulnara Ilyasovna

The audiovisual translation industry, known for its inherent adaptability and flexibility, finds itself navigating through significant changes in both consumer behavior and professional standards. With the exponential growth of multimedia content production and distribution, audiences increasingly gravitate towards online streaming platforms, relegating traditional television channels to the sidelines. This seismic shift is largely driven by industry giants such as Netflix, Amazon Prime Video, HBO Max, Apple TV+, and Disney Plus, whose global expansion efforts underscore the pivotal role of audiovisual translation and media localization in the entertainment landscape.

For example, in 2019, Netflix boasted over 106.1 million subscribers outside the US, out of its total 167.1 million subscribers, underscoring the indispensability of audiovisual translation in reaching diverse global audiences. To cater to the varied linguistic and accessibility needs of their viewers, these platforms offer a plethora of services including subtitles, dubbing, SDH (Subtitles for the Deaf and Hard-of-Hearing), and AD (Audio Description) for the visually impaired. Consequently, the industry turnover has witnessed a meteoric rise, with a marked surge in the localization of audiovisual content.

Over the past decade, the European Union alone has experienced a significant uptick in the subtitling and dubbing market, a trend expected to persist in the foreseeable future. Projections indicate that the five leading streaming platforms, currently boasting approximately 357 million paid subscribers, are poised to soar to 553 million by 2025, signaling an unprecedented demand for translated content.

However, amidst this escalating global demand lies a pressing challenge: a shortage of proficient professionals in the dubbing and subtitling sector. This shortage is particularly acute for specific language pairs and in regions with limited access to higher education. Nevertheless, the unyielding demand for audiovisual translation persists, driven by companies recognizing the pivotal role of multilingual adaptation in facilitating global expansion.